

Жас ұрпақтың жарқын болашағы үшін жасалған әрбір игі іс қоғамның дамуына қосылған өлшеусіз үлес екені анық. Осы бағытта Қызылорда қаласында бала тәрбиесіне, олардың ой-өрісін дамыту мен әлеуетін арттыруға бағытталған жаңа нысандар бой көтеріп келеді. Соның жарқын дәлелі – Сырдарияның сол жағалауында 325 орындық «Medina Kids Academy» жеке бөбекжай балабақшасы салтанатты түрде ашылуы өтті.



Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

Ақмешіт

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

Аялаймын сені, Қызылорда!

■ ҚЫЗЫЛОРДА
АСТАНА
БОЛҒАНДА

Сыр елінің бас қаласы Қызылорданың қазақ елінің астанасы атанғанына биыл 100 жыл толып отыр. Екі ғасырдан астам тарихы бар шаһардың күллі шежіресі, тарихы, сол кезеңнің экспонаттары қалалық музей қорында қатталуы. Мерейлі мерекеде қала тарихына қатысты құнды деректерді білу үшін қалалық музей директоры Төрмұрат Ыбырайұлымен сұхбаттасқан едік.

21 қазан
сейсенбі
№80 (2192)
2025 жыл

апталығы

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

ИНВЕСТИЦИЯ ИГІЛІГІ



Мемлекет басшысы «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына жолдауында Үкіметке инвестиция тарту жүйесін түгел жаңғырту жөніндегі нақты іс-шаралар жоспарын әзірлеуді тапсырды.

Елімізге қомақты инвестиция тарту керек. Қазір дүние жүзінде инвестицияға талас күшейіп барады. Жаңа инвестициялық кезеңді бастауымыз қажет. Қазіргі инвестиция тарту саясаты мардымды деп айта алмаймын. Қаражаттың көбі шикізат салаларына құйылып жатыр. Жалпы, бұл жаман емес, осындай инвестициялар бізге қажет. Бұл

өңдеу саласына көбірек қаражат тарту. Сондықтан Үкімет инвестиция саясатына басқаша көзқараспен қарауы керек. Қажет болса, жоғары технологияларға салынатын инвестицияларға жеңілдік беруге болады. Сондай-ақ мемлекеттің инвестициясы мен жеке бизнестің ірі бастамаларына бірдей назар аудару қажет. Ірі инвесторлармен қатар орта және шағын инвесторлармен тығыз байланыста жұмыс істеу керек. Қаражаттың қай бағытқа, қандай мақсатпен және қанша көлемде қажет екенін нақты білу қажет. «Инвестицияға тапсырыс» өндірістің сұранысына сай жасалуы керек, – деді Президент.

Кейінгі жылдарда облыста жүзеге асып жатқан инвестициялық жобалар-

дың ауқымы мен сипаты бұрынғыдан өзгеріп, тек бір саламен шектелмей, өнер-кәсіптен бастап энергетикаға, ауыл шаруашылығынан әлеуметтік инфрақұрылымға дейін кең өріс алды. Бұл – экономикалық көрсеткіштерді өсіру ғана емес, аймақтың келешегін қалыптастыратын жүйелі трансформация. Мемлекеттік саясат пен жеке инвестицияның тиімді үйлесімі, халықаралық әріптестік пен жергілікті кәсіпкерліктің белсенділігі өңірге жаңа серпін беруде. 2025 жылы қолға алған жобалар саны мен олардың экономикалық әсері – Қызылорданың инвестициялық тартымдылығының нақты дәлелі.

2-БЕТТЕ

ЖӘРМӨҢКЕ



Құз айы – дикандардың ала жаздай еткен еңбегінің нәтижесін көретін, елдің қамбасы астыққа толатын берекелі мезгіл. Жылдағы дәстүрге орай биыл да егін жинау науқанының қорытындысымен «Алтын күз-2025» мерекесі аясында облыс орталығындағы бірнеше шағын ауданда ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі өтті.

Жәрмеңкеде барлық аудандар мен Қызылорда қаласының шаруалары өз өнімдерін тиімді бағада ұсынды. Аудандардан 500-ге жуық жүк көлігімен 1000 тоннадан астам өнім жеткізілді. Сауда сөрелеріне 150 тоннадан астам күріш, 30 тонна ет және 35

тоннадай балық өнімдері, 300 тонна картоп, 300 тоннадан астам көкөніс пен жеміс-жидек, 250 тонна бақша, 10 тоннадай сүт, 10 тоннаға жуық бакалея және кондитер өнімдері, 100 бас тоқты және 30 тонна жем-шөп қойылды.

Арал ауданының жәрмеңкесінде теңізді өлкенің шаруалары 60 тоннадай өнім әкелсе, 15 тоннасы балық өнімдері, 20 тоннасы қауын-қарбыз, 4 тоннасы ет өнімі, 20 тоннасы қызанақ, 1 тоннасы сүт, 3 тоннасы ас тұзы. Сондай-ақ 40 бас қой мен тоқты жеткізілген.

4-БЕТТЕ

БҮЛДІРШІНДЕР ҚУАНҒАН КҮН

Жаңа балабақшаның ашылу рәсіміне қала тұрғындары, ардагерлер, қоғам белсенділері мен ата-аналар қатысып, бүлдіршіндерге арналған қуанышқа ортақтасып, жылы лебіздерін білдірді.

Өз кезегінде қала әкімі Нұржан Ахатов жаңа балабақшаның ашылуымен құттықтады.

Бүгін ерекше күн. Өйткені барша қалалықтар сүйікті қаламыздың құрметіне арналған «Қала күні» мерекесін атап өтуде. Осы айтулы мереке қарсаңында кішкентай тұрғындарымызға тамаша тарту ретінде 325 орындық «Medina Kids Academy» жеке бөбекжай балабақшасын пайдалануға беріп отырмыз. Осындай ертегі әлеміндей әсем ғимаратты салып, бүлдіршіндерге қуаныш сыйлаған кәсіп иесіне алғысымды білдіремін. Балаларымыздың шат күлкісі мен бақытты өмір сүруі – біздің басты міндеттеріміздің бірі. Сыр елінің бас шаһары тек экономикалық тұрғыдан емес, тұрғындардың сапалы өмір сүруіне әлеуметтік тұрғыдан жағдай жасалған, болашаққа бағытталған қала, – деді қала әкімі.

4-БЕТТЕ

«Қала күні» мерекесі аясында өткен ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесінде дәстүрлі «Үздік аула» байқауының жеңімпаздары марапатталды.

ТАЗАЛЫҚ ТАБАЛДЫРЫҚТАН БАСТАЛАДЫ



Шаһарды жасыл-желекке айналдыруды мақсат тұтқан байқауға қала тұрғындары өз үлесін қосып келеді. 2018 жылдан бастау алған шараға қала тұрғындарының қызығушылығы жылдан-жылға артып келеді.

4-БЕТТЕ



МУЗЕЙ ҚОРЫНДА ҚАЛА ТАРИХЫ ҚАТТАУЛЫ

– Қызылорда қаласының тарихы музейіндегі экспозициялар қай дәуірдің бейнесін сипаттайды? Тұтас тарихты көз алдымызға алып келетін экспонаттарға тоқталсаңыз...

– Әрине, музейдің қорында қатталған тұтас тарихи оқиға бар. Мұндағы экспонаттар XIX ғасырдың оқиғасы желісінде жасалған. Мәселен, Ресей империясының отарлау саясатының күшеюі қоқандықтар тарапынан Орталық Азиядағы иеліктерін сақтап қалу үшін Сырдария өзенінің бойына бірнеше бекініс салуға түрткі болды. Солардың бірі Сырдарияның оң жағалауына салынған Ақмешіт бекінісі Бақалы қопа ойпатында бой көтерген. Қамал маңын қамсы қалың тоғайлар, бірнеше көлдер қоршап тұрған. Бекініс 1817 жылы алғаш Сырдарияның сол жағалауында, кейін 1818 жылы оң жағалауына көшіріліп, құрылыс материална қамыс көптеп пайдаланғандықтан «Қамыскала» деп атаған.

Профессор Ә.Қоныратбаевтың зерттеулеріне сүйенсек, Ақмешіт бекінісін салуға он екі мың қазақ тартылды. Айналасы ор, батысы дария болған. Қосымша арық салынып, оның бойына бау-бақша егілген. Ақмешіт бекінісінің негізін қалауға



жергілікті тұрғындар мүдделік танытты. Себебі батыс аймақтан еніп келе жатқан патшалық Ресейге тойтарыс берудің бірден-бір жолы деп түбі бір мемлекеттік құрылым шеңберіне топтасуды көздеді. Бұл бекініс орны ежелден Сыр өңірінде өмір сүрген қазақтардың төл мекені, ту тіккен ордасы болды.

Ақмешіт – 1817 жылы салынған көне бекініс. Ол қазіргі Қызылорда қаласының орнында болған. А.И.Добросмысловтың дәлелдеуі бойынша Ақмешіт бекінісін Қоқан ханы Омархан салғызған. Бекіністің әр қабырғасы 110 метр, саз балшықтан тұрғызылған. Іргесінің қалыңдығы 10,5 метр, жоғарғы жағы 4,36 метр, биіктігі 12 метр болған. Қабырғасының жоғарғы жағында оқ атуға ыңғайлы ойық жасалған. Бекініс сыртынан ені 10 метр ор қазылған. Ордың алдынан қорғансыз қабырғасының 2-қатары тұрғызылған. Бекініс ішінде саз балшықтан салынған 50-ге жуық үй, екі мешіт, медресе, оқ-дәрі қоймасы, құдық болған.

– Перовск қала дәрежесін алған кезеңді суреттейтін көріністер немесе жәдігерлер бар ма?

– XIX ғасырдың 60-жылдарында Ресей империясы қазақ даласының оңтүстік өңірін толығымен өзіне бағындырып алғаннан кейін әлеуметтік-экономикалық және де қоғамдық өмірде қалыптасқан жағдайға сәйкес қайта құру жұмысына кірісті. 1867 жылдың 11 шілдесінде II Александр патша империя құрамында жаңа Түркістан генерал-губернаторлығын құру жөнінде жарлыққа қол қойды. Осы жарлықпен бір мезгілде «Сырдария және Жетісу облыстарын басқарудың уақытша ережесі туралы» жобасы бекітілді. 1886 жылдың 12 маусымында қабылданған «Түркістан өлкесін басқару ережесі» Сыр өңіріндегі отарлық билік жүйесін толығымен қалыптастырды.

Реформа негізінде Сырдария облысы құрылып, құрамына Әулиеата, Шымкент, Ташкент, Перовск және Қазалы уездерімен Әмудария бөлімі кірді. 1867 жылы Перовскі форты қала дәрежесін алып, Перовскі уезінің орталығына айналды.

3-БЕТТЕ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың экономиканы әртараптан-дыру жөніндегі тапсырмасына сәйкес, аймақта индустриялық-инновациялық жобаларды жүзеге асыруға арнайы жағдай жасалуда. Мәселен, Қорқыт Ата арнайы экономикалық аймағы (АЭА) құрылып, инвесторлар үшін салықтық және кедендік жеңілдіктер пакеті ұсынылуда. Биыл аймақта «Қорқыт Ата» арнайы экономикалық аймағы құрылды. Арнайы экономикалық аймақ Қызылорда халықаралық әуежайының жанында орналасқан, жалпы аумағы 550 гектарды құрайды және 25 жыл, яғни 2049 жылға дейін жұмыс істейді. Аймақтың құрылымында үш сектор қарастырылған: авиацияға қызмет көрсету аймағы 50 гектарды, көтерме және бөлшек сауда мен қоймалау аймағы 100 гектарды, ал өнеркәсіптік аймақ 400 гектарды қамтиды. АЭА қатысушылары жер, мүлік, корпоративтік табыс және қосылған құн салықтарынан, жер пайдалану төлемдерінен босатылады, шетелдік жұмыс күшін квотасыз тартуға мүмкіндік берілген. Бұл инвесторлар үшін өте қолайлы жағдай. Маусым айында Астанада өткен «Орталық Азия – Қытай» форумында қытайлық компаниялармен су есептеу құрылғыларын шығару, ауыл шаруашылығы техникасын жинау, кальцийленген силикат тактайшаларын өндіру және жылыжай кешені құрылысы бойынша жалпы құны 30,5 млрд теңгені құрайтын төрт меморандумға қол қойылды. Оның үшеуі осы Қорқыт Ата АЭА аумағында жүзеге аспак. Мұндай қадамдар облысқа шетелдік капитал мен жаңа технологияларды тартуға жол ашып, өңір экономикасын жаңғыртуға серпін береді.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің доценті, экономика ғылымдарының кандидаты Алмагүл Абдимомынованың айтуынша, өңірлік дамудың табысы ең алдымен әлеуметтік факторларға тіреледі.

– Өңірлік даму үрдісінде әлеуметтік факторлардың ролі айрықша маңызға ие. Себебі әлеуметтік факторлар халықтың өмір сүру сапасын, адами капиталдың дамуын, еңбек нарығының тиімділігін және жалпы өңірлік тұрақтылықты қамтамасыз етеді. Сонымен бірге Қызылордада әлеуметтік инфрақұрылым дамуының әрқелкілігі – халықтың өмір сүру сапасына тікелей әсер ететін басты факторлардың бірі, сондықтан инфрақұрылымдық жобаларды жергілікті ерекшеліктерге бейімдеп іске асыру шешуші мәнге ие. Осы негізде ұсынылатын инвестициялық бастамалар өңірдің ұзақмерзімді даму мақсатына жұмыс істейді, – дейді Алмагүл Абдимомынова.

Өңдеу өндірісі оркендеуде

Бүгінде бірқатар жаңа өндіріс орындары іске қосылып, құрылысы бастау алуда. Солардың бірі 2022 жылы Қазақстан мен Қытай арасындағы «Бір белдеу – бір жол» бағдарламасы және индустриялық даму бастамасы аясында еліміздің аумағында табақша шыны өндіретін жалғыз зауыт – «Orda Glass Ltd» іске қосылды. Кәсіпорынның жыл сайынғы өндірістік көлемі – 197,1 мың тонна. Жобаны жүзеге асыру үшін 42 миллиард теңге көлемінде шетелдік қаржы тартылған. Шыны өндірісі қосалқы өндірістердің дамуына негіз болып отыр. Болашақта айна, шыны ыдыс шығаратын жаңа кәсіпорындар ашу жоспарда бар. Бұл өз кезегінде облыс экономикасын әртараптан-дырып, шыны кластерін қалыптастыруға, жаңа жұмыс орындарын ашуға, импорттық тәуелділікті азайтып, отандық өніммен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Енді сол зауыттың маңайында қосалқы өндірістер шоғыры қалыптасуда. Мысалы, Қытай инвесторлары шыны зауыты жанында тағы бір ірі жобаны жүзеге асыруға қызығушылық танытуда. Жалпы құны 27,1 млрд теңге болатын бұл жоба үш жыл ішінде екі кезеңмен іске асырылып, шыны өнімдерінің түр-түрін шығаратын кәсіпорын құруды көздейді. Сонымен қатар жергілікті «Комфорт-1 KZ» компаниясы шыны өңдеу асын кеңейтіп, автокөлік әйнегін өндіруді жолға қою үшін 4 гектар жер телімін алды. Шыны өндірісінің өркен жаюына қажетті негізгі шикізат – кальцийленген сода енді аймақта өндіріледі. «Арал сода» зауыты деп аталатын кальцийленген сода өндіретін ірі кәсіпорынның құрылысы 2025 жылдың III тоқсанында Арал ауданында басталып, 2028 жылға қарай аяқтау жоспарланып отыр. Жылдық қуаттылығы 300 мың тонна-

лық бұл зауытқа 147 млрд теңге инвестиция тартылып, 700 жаңа жұмыс орны ашылады деп жоспарлануда. Сода зауыты іске қосылған кезде өңір сұранысын қамтып қоймай, республиканы қамтамасыз ететін бірегей өндіріске айналмақ.

Сондай-ақ құрылыс материалдары өндірісі де инвесторлар назарында. 2025 жылы Қызылорда қаласында жаңа кірпіш зауыты іске қосылды. Жобаның ерекшелігі – заманауи технологиямен түрлі пішіндегі сапалы кірпіштер шығарып, жылу тиімділігі жоғары құрылыс материалымен ішкі нарықты қамту. Кірпіш зауытының ашылуында аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев өнеркәсіп саласындағы жұмыстарға ерекше тоқталған еді.

– Біз аймағымыздың экономикасын әртараптан-дыру арқылы жоғары өнімді, экспортқа бағдарланған шикізаттық емес өңдеу өнеркәсібін құруды мақсат еткен жұмыстарды кезең-кезеңмен атқарудамыз. Бұл бағытта алдағы бесжылдықта құны 2 трлн теңгені құрайтын 89 инвестициялық жобаны жүзеге асыру, 11 мыңнан астам тұрақты жұмыс орнын ашу көзделуде, – деді аймақ басшысы.

қорғасын), құрылыс материалдары (шыны, кірпіш, қиыршық тас, айна), машина жасау (вагон жөндеу), тамақ және жеңіл өнеркәсіп (кондитер, макарон, сүт өнімдері) – барлық негізгі салалар бойынша инвестициялық жобалар қолға алынған. Мұның барлығы өңір экономикасын әртараптан-дырып, мыңдаған жұмыс орнын ашуға, салық базасын кеңейтуге және тұрғындардың табысын арттыруға қызмет етеді.


Энергетика және жасыл экономика жобалары

Сыр өңірі энергетикалық инфрақұрылымын жаңартып, энергия қауіпсіздігін нығайтуда. Облыстың ең ірі энергетикалық жобасы – Қызылорда қаласындағы жаңа жылу электр орталығы (ЖЭО). Бұл жобаны түркиялық «Akso Energy» компаниясы әріптестік негізінде жүзеге асырып, 240 MВт қуаттағы заманауи газ-турбиналық станса салуда. Инвестиция көлемі – 215 млрд теңге, осы уақытқа дейін 178 млрд теңгеден астам инвестиция салынды. Станса іске қосылғанда Қызылорда қаласын жылумен және өңірді электр

ескерсек, бұл бағытта жаңа жобаларды жүзеге асыруға өте қолайлы жағдай қалыптасқан. Бұл–Қызылорда қаласында жаңартылатын энергия дәуіріне жасаған алғашқы қадамы. Жаңартылатын энергия көздерінің іске қосылуы өңірдің энергетикалық балансын әртараптан-дырып, экологиялық ахуалын жақсартуға үлес қосады. Бұған қоса, күн шуағы мол Сыр елінде күн электр стансаларын салуға табиғи жағдайдың өзі қолайлы, демек, бұл секторда келешекте қосымша жобалар іске асуы әбден мүмкін.

Көлік қызметі және логистика

Инвестициялық жобалар өңірдің көлік-логистика әлеуетін де айналып өтпеді. 2024 жылдың аяғында Қызылорда қаласында «Қорқыт Ата» халықаралық әуежайының жаңа терминалы іске қосылды. Заманауи әуежай терминалы Болат Өтемұратов қорының 16,6 млрд теңге көлеміндегі демеушілік қаржысына салынды, ал жергілікті бюджеттен сыртқы инженерлік инфрақұрылым тартуға 4,3 млрд теңге бөлінді. Өткен жылдың қараша айында



жаңа терминалды Премьер-Министр О.Бектенов салтанатты түрде ашты. Заманауи терминал әуежайдың жылдық жолаушы өткізу қабілетін 300 мыңнан 2 миллионға дейін, яғни 7 есеге арттыр-

ды. Расында, қазірдің өзінде Қызылорда әуежайынан аптасына 26 рет ішкі рейстер ұшса, 2025 жылы Антальяға тікелей халықаралық чартерлік рейс ашылды. Авиациямен қатар, көлік инфрақұрылымын жетілдіру де күн тәртібінде. Көлік және коммуникация саласында аймақ үшін стратегиялық маңызы бар «Қызылорда – Жезқазған» автомобиль жолын жаңғырту жұмыстары жалғасуда. Республикалық маңызы бар бұл жол Қызылорданы орталық Қазақстанмен тікелей байланыстырады. Жоба аяқталғанда бұл бағыттағы жүру уақыты қысқарып, облыстың транзиттік мүмкіндіктері артады жоспарлануда. Сонымен бірге облыс ішінде ауданаралық жолдарды жөндеуге де қомақты қаражат бөлініп, елді мекендердің қатынасы жақсарып келеді.

Қорқыт Ата арнайы экономикалық аймағы осы көлік инфрақұрылымы артықшылықтарын тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Арнайы экономикалық аймақ құрамында қарастырылған 100 гектарлық көтерме-тарату және қоймалау аймағы тікелей әуежай мен авто/теміржол магистральдарына жақын орналасқан. Мұнда ірі логистикалық хабтар, заманауи қоймалар салынып,

әлеуметтік нысан – Сыр халқына қызмет ететін игілік.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің доценті, экономика ғылымдарының кандидаты Абдимомынова Алмагүл Шәкірбекқызының айтуынша, өңірлік саясат алдымен теңсіздік пен инфрақұрылым олқылықтарын шешуі керек.

– Инвестициялар тек ЖІӨ-ді өсірмей, әлеуметтік саланың «қатты» (мектеп, аурухана) және «жұмсақ» (мәдени орта, қызмет сапасы) компоненттерін жаңартады. Теориялық база айқын. Өңірлік дамудағы әлеуметтік әл-ауқат, өмір сүру деңгейі, білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік инфрақұрылымға байланысты үдерістердің жиынтығы» және олар өңірдің даму қарқыны мен бағытына әсер етеді. Әлеуметтік даму адамның түрлі қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндіктерінің артуы ретінде түсіндіріледі. Демек, жаңа мектеп пен емхана – экономикалық тиімділіктің де, адами капитал сапасының да тегігі, – дейді ол.

Инвестициялық жобалар аймақ экономикасына серпін беруде. Мәселен, бұрын тек мұнай мен уран өндірісімен белгілі болған Қызылорда енді шыны, сода, құрылыс материалдарын, азық-түлік өнімдерін өндіруді өңірге айналуда. Бұл – экономиканы әртараптан-дыру саясатының жемісі. Жаңа кәсіпорындар мыңдаған тұрақты



«Аймақтың» инфрақұрылымы

ҚЫЗЫЛОРДА АСТАНА БОЛҒАНДА

МУЗЕЙ ҚОРЫНДА ҚАЛА ТАРИХЫ ҚАТТАУЛЫ

– Кенесарыны хан көтерген сәттің тарихи шындығы сол дәуірде қалай сипатталған?

– Кенесары Қасымұлы (1802 жылы Көкшетау өңірінде дүниеге келген) мемлекет қайраткері, әскери қолбасшы, қазақ халқының 1837 – 1847 жылдардағы ұлт-азаттық қозғалысының көсемі. Қазақ хандығының соңғы ханы (1841 – 1847). Кенесары Шыңғыс ханның 27-ші ұрпағы, Абылай ханның немересі. 1827 жылдан бастап Абылайдың ұрпақтары қазақ хандығын патшалық Ресей езгісінен босату жолындағы күресте белсенділік танытты. Кенесарының әкесі Қасым мен үлкен ағасы Саржан бастаған жасақтар орыс ауылдары мен керуендеріне шабуыл жасап, қазақ ауылдарын отарлық бұғаудан босатты.

Міне, солардың жолын жалғастырушы Кенесары Қасымұлы да мемлекет тәуелсіздігінің өте маңызды іс екенін халық санасына құюда қыруар еңбек етті. Мемлекет мүддесін қорғау жолында жауды жеңіп, тәуелсіздікке қол жеткізу үшін халықты біліктіліктен басқару көп септігін тиістігінен жете түсінді. Кенесары Қасымұлы өз айналасына ең адал кенесшілер мен батырларды, халық арасынан отарлық езгіге қарсы ең белделі, белсенді азаматтарды топтастыра білді. 1838 жылы Ақмола, Ақтау қамалдарына шабуыл жасаудан бастады. Көтерілісшілер қамалдарды өртеп жіберді. Кенесары соғыс ауқымын Торғай арқылы кіші жүз жеріне қарай кеңейтті. 1841 жылы қыркүйекте Кенесары үш жүздің өкілдері жиынында қазақ халқының ханы болып сайланды. Осы жылы Кенесарының әскері Қоқан хандығының иелігіндегі Созақ, Жаңақорған, Ақмешіт қамалдарын алды.

– **Жанқожа Нұрмұхамедұлының қазақ батыры, Сыр бойы қазақтарының Хиуа Қоқан хандықтарының езгісіне және Ресей отаршылдарына қарсы ұлт-азаттық көтерілісінің басшысы екенінен хабарымыз бар. Сонымен қатар Бұқарбай Естекбайұлы жөнінде музей мұрағатында ел біле бермейтін кейбір деректер бар болар...**

– XIX ғасырдың 20-жылдарынан бастап Сыр бойы мен Арал теңізінің шығыс жағалауын қоныстанған қазақтарға өз үстемдігін жүргізе бастаған Хиуа, Қоқан хандықтары 1830-1840 жылдары жергілікті халыққа қысымын одан әрі күшейтті. Хиуа хандығы Жаңадария, Қуандария, Қызылқұмнан өтіп, Қосқорған, Арал теңізіне дейінгі аралықтағы Сыр



бойындағы қазақтарға шапқыншылық жасап, малын барымталап, әйел, бала-шағасын тұтқынға алып кетіп отырған. Қоқандықтар шекара бекітіп, әкімшілік құрып, 1817 жылдан бастап салына бастаған бекінісінен әрқыз жасақ шығарып, бейбіт елді шауып, алым-салық жинап кетіп тұрған деген дерек бар.

Осындай зорлық-зомбылықтан жапа шеккен қазақтар жастайынан әділдігімен, батырлығымен елге танымал болған Жанқожаның төңірегіне топтасыпты. Жанқожа 17 жасында кіші жүздің Өлімұлы тайпасының жергілікті рулары сайлап алған Қылышбай ханның Хиуа бекінісіне жасаған жорығы кезінде жасаққа елеусіз еріп барып, ешкімге дес бермей тұрған қарақалпақ батыры Тықыны жекпе-жекте өлтіреді. Осы жорықта әділетсіздігі үшін Қылышбай ханның өзіне де қол жұмсайды. Бұқарбай Естекбайұлы (1812-1898) жетіру тайпасының табын руынан шыққан батыр, шешен. Қызылорда облысы, Жалағаш ауданындағы бүгінде өз есімімен аталатын ауылда дүниеге келген. Бұқарбайдың батыр ретінде шайқасқа түсуі 1830 жылдан басталады. Сол жылдың жазында бозбала Бұқарбай Тереңозек ауданының жер шегіндегі «Құмқорған» бекінісін алуға қатысады. Осы шайқаста Бұқарбай хиуалықтардың Жұбаныз деген батырымен жекпе-жекке шығып, оны шанышп тастайды. Бұл – болашақ батырдың тырнақалды жеңісі еді. Бұқарбай батыр 1836 жылы өз жасағымен ұлт азаттық қозғалысының батыры Кенесарының қолына келіп қосылады. Содан ол көтеріліс аяқталғанша, яғни 1847 жылға дейін Кенесарының бас батырының бірі ретінде талай шайқасты өткереді. Ақмола, Қазалы, Арал, Сауран, Қосқорған, Созақ бекінісін алуға қатысады. Кенесары



көтерілісі талқандалғаннан кейін де бес қаруын тастамайды. Жанқожа, Сейіл батырлардың сапына қосылып, Сыр бойындағы бекіністерді Қоқан, Хиуа хандарының жасақтарынан тазартады. Ақмешіт, Құмсуат шайқастарында ерекше ерлігімен көзге түскен Бұқарбай, Сейіт батырларды патша үкіметі медальмен марапаттап, шен-шекпен кигізеді. 1858 жылдан кейін Бұқарбай өзі білетін «екі тілдің» найзамен сөйлесу тілін қойған соң, нағашысы Толыбай биден жұғыс болған мәміле, келісім тіліне қарай ойысқан деген дерек бар.

– **Музей тұтас тарихтың шежіресінен сыр шертеді. Орынбор-Ташкент теміржолының салынуы да үлкен тарихи мәні зор оқиға ғой. Музей дерек-қорынан мәлімет келтіріп ел үшін елеулі маңызға ие болған темір жолдың қалай, қандай мақсатта салынғанына тоқтала кетсеңіз...**

– Өрине, ол заманда темір жол салу үлкен саяси, тарихи оқиға еді. Орынбор - Ташкент темір жолының ұзындығы 2090 шақырымды, оның шінде қазақ жері арқылы өтетін бөлігі 1660 шақырымды құрады. Орынбор-Ташкент темір жолын салу ісі II Николай патшаның 1901 жыл-

дың 21 сәуірдегі бұйрығы негізінде қолға алынды. Орыс үкіметінің Орынбор-Ташкент темір жолын салудағы басты мақсаты – орталық Азия үшін Англиямен арадағы бәсекелестікте жеңіп шығу, өлкедегі арзан шикізат қорын Ресейге тасу, Түркістан өлкесіне тура шығу болды. Салынатын жолдың бүкіл желісі әкімшілік жағынан екі бөлікке бөлінді. Жолдың оңтүстік бөлігі (Ташкент – Көбек) Түркістан өлкесі Сырдария облысының аумағы бойынша, солтүстік бөлігі (Орынбор – Көбек) Орынбор губерниясы, Торғай облысының және Орал облысы Темір уезінің аумағы бойынша өтетін болып белгіленді. Құрылыс Орынбор жағынан 10 мамырда, ал Ташкент жағынан



көтерілісі талқандалғаннан кейін де бес қаруын тастамайды. Жанқожа, Сейіл батырлардың сапына қосылып, Сыр бойындағы бекіністерді Қоқан, Хиуа хандарының жасақтарынан тазартады. Ақмешіт, Құмсуат шайқастарында ерекше ерлігімен көзге түскен Бұқарбай, Сейіт батырларды патша үкіметі медальмен марапаттап, шен-шекпен кигізеді. 1858 жылдан кейін Бұқарбай өзі білетін «екі тілдің» найзамен сөйлесу тілін қойған соң, нағашысы Толыбай биден жұғыс болған мәміле, келісім тіліне қарай ойысқан деген дерек бар.

– **Музей тұтас тарихтың шежіресінен сыр шертеді. Орынбор-Ташкент теміржолының салынуы да үлкен тарихи мәні зор оқиға ғой. Музей дерек-қорынан мәлімет келтіріп ел үшін елеулі маңызға ие болған темір жолдың қалай, қандай мақсатта салынғанына тоқтала кетсеңіз...**

– Өрине, ол заманда темір жол салу үлкен саяси, тарихи оқиға еді. Орынбор - Ташкент темір жолының ұзындығы 2090 шақырымды, оның шінде қазақ жері арқылы өтетін бөлігі 1660 шақырымды құрады. Орынбор-Ташкент темір жолын салу ісі II Николай патшаның 1901 жыл-

темі, ал 1906 жылы 22 шілдеден бастап Орта Азия жолының Ташкент станциясы Орынбор-Ташкент темір жолына қосылды. Соның нәтижесінде жаңа желінің жалпы ұзындығы ұлғайды. Бес ірі станса – Ақтөбе, Шалқар, Қазалы, Перовск (Қызылорда), Түркістан Қазақстанның Ресеймен және Орталық Азиямен байланыс торабына айналды. Жол басқармасы Орынбор қаласында болды. Орынбор-Ташкент темір жолы қазіргі кезде Қазақстанның оңтүстік және батыс ауданын орталық Азия республикасымен, Ресеймен, Кавказ және Шығыс Еуропа елдерімен байланыстыратын негізгі темір жол желісі.

– **Қызылорда қаласының Астана болу тарихына да өз мұрағаттарыңызда қатталған дерек бойынша әңгіме өрбітсеңіз...**

– Ұлт мәселесін ұдайы талқылап отырған билік бүкілресейлік жұмысшы-шаруа қызыл армия депутаттарының XII съезінде республиканың орталық басқару органдары Сыр бойына көшірілді. Орынбор шаһары мен губерниясы Ресей Федерациясы құрамына берілді. Жаңа астана құрылысына және Қызылорданың Қазақстанның саяси, экономикалық және мәдени орталығы ретіндегі қызметін орнықтыруға С.Кожанов, Т.Рыскулов,

Сұлтанбек Қожанов астананы Ақмешітке көшіру ниетінен айынады. Ол Түркістан орталық атқару комитеті төрағасының орынбасары болып тұрған уақытында – 1922 жылғы 12 сәуірде арнайы қаулы шығарып, өзі тарихи атауын қайтарып берген Ақмешіт қаласын ел кіндігі етуге күш салды. «Қазақтың астанасы орыстың туы тігілген қалада емес, қаласы жоқтықтан, қазақтың киіз ауылында болса да, қазақ ұлты жұртшылығына жуық болуы керек. Қазақ ұлт мемлекетшілігіне әдемі қала, ыңғайлы үйлер керек емес, жаман да болса өз ордасы болуы керек. Орынбордан көшпей, қазақ ұлтының ішкі тіршілігі оңдалып, қазақ еңбекшілерінің көпшілігінің қамына керекті шаралар іс жүзінде істелуі қиын», – деп жазды. Ол өз заманы үшін ең тиімді көрінген осы ойларын мәжіліс мінберлерінен сөйлеген сөздерінде де, баспасөз беттерінде де қайта-қайта қозғады.

Осылайша, Қызылорда қаласы 1925 жылдың көктемі мен жазында мемлекеттік басқару органдары Сыр бойына көшірілді. Орынбор шаһары мен губерниясы Ресей Федерациясы құрамына берілді. Жаңа астана құрылысына және Қызылорданың Қазақстанның саяси, экономикалық және мәдени орталығы ретіндегі қызметін орнықтыруға С.Кожанов, Т.Рыскулов,



аталды. Бірінші Сырдария губерниялық партия конференциясында Қазақстанның астанасы ұлттың ежелгі қонысы – Ташкент қаласы болсын деген ұсыныстар да делегаттар тарапынан көп айтылды. Осының бәрине қарамастан, 1924 жылғы 27 қарашада Қазокбкомның, ал 1925 жылғы 19 ақпанда Қазөлкекомның жауапты хатшысы (республикадағы екінші дәрежелі лауазым) болып тағайындалған

Ж.Мынбаев, Н.Нұрмаков, М.Тынышпаев, А.Кенжин, С.Ақиев, А.Сергезин, О.Исаяев, С.Сәдуақасов, С.Ескараев т.б. қоғам қайраткерлері белсенді қатысты. Қызылорда 1929 жылы мамыр айына дейін Қазақ АКСР-і астанасы болды.

– **Әңгіменізге рахмет.**

Сұхбаттасқан

Гаяһар ҚОЖАХМЕТОВА

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ
САПАЛЫ БОЛУЫ ТИІС

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер – азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етудің маңызды құралы. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алушылардың құқықтарының бұзылуы мемлекеттік басқарудың тиімділігіне нұқсан келтіреді және азаматтардың сенімін төмендетеді. Қызмет алушылардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіру – мемлекеттің азаматтарға деген міндеттемесінің ажырамаз бөлігі.

Сондықтан, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті (бұдан әрі – Департамент) тарапынан азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерінің қорғалуы мен сеніміне басымдық беріліп, қызмет алушылардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіру бойынша жұмыстар жүзегі түрде жүргізіліп келеді.

Департаментке түскен шағымдар заң аясында қаралып, тиісті шаралар қолданылады. Мысалы, Департаментке ағымдағы жылдың қыркүйек айында қала тұрғынынан «Қазақстан Республикасының аумағында жылжымайтын мүлік объектілерінің мекенжайын айқындау бойынша анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметінің нәтижесі Қызылорда қаласының сәулет және қала құрылыс бөлімі (бұдан әрі – Бөлім) тарапынан қате берілгені туралы шағым түскен. Қызмет алушы өз шағымында бюрократиялық кедергілерге тап болып, әуре-сарсаңға түскенін мәлімдеген.

Шағым негізінде бөлімге жоспардан тыс тексеру жүргізіліп, бірқатар заң бұзушылықтар анықталды.

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 наурыздағы №168 бұйрығымен бекітілген қағидалардың 2-тарауының 12-тармағына сәйкес, көрсетілетін қызметті беруші өтінішті келіп түскен күні тіркеуі тиіс. Құжаттарды қарау және анықтама беру мерзімі 6 жұмыс күнін құрайды. Сондай-ақ шешім қабылдау үшін жылжымайтын мүлік объектісінің орналасқан жеріне бару және мекенжайдың тіркеу кодын (МТК) «Мекенжай тіркелімі» ақпараттық жүйесінде міндетті тіркеуді жүзеге асыру қажет.

Тексеру барысында бөлім қызметкері қызмет алушының өтініші бойынша жылжымайтын мүлік объектісінің орналасқан жеріне бармағаны және мекенжай нөмірін көрсетінуінің мүлкіне де бергені белгілі болды. Бұл қызметтің сапасыз көрсетуіне және мемлекеттік көрсетілетін қызметтің тәртібінің бұзылуына әкелген. Нәтижесінде, шағым берушімен қоса, тағы 10 қызмет алушының құқықтары бұзылғаны анықталды, яғни жалпы 11 адамға мекенжай нөмірлері қате берілген.

Департамент бұл мәселеге шұғыл түрде ден қойып, бөлімге ұсыныс енгізді. Нәтижесінде, 1 қызмет алушының мекенжай анықтамасы бұған дейін Бөліммен екінші мәрте берілген нөмір бойынша сәйкестендірілді және 10 қызмет алушыдан жаңадан өтініштер қабылданып, мекенжайын айқындау бойынша анықтамадан қайтадан беріліп, бұзылған құқықтары толықтай қалпына келтірілді.

Бұл оқиға мемлекеттік органдардың жауапкершілігін күшейтіп, қызмет сапасын арттырудың маңыздылығын көрсетеді. Департамент алдағы уақытта да азаматтардың құқықтарын қалпына келтіру бойынша жұмыстарды жалғастырады.

Егер, мемлекеттік қызмет көрсету кезінде заңнама талаптары сақталмаса, мерзімі бұзылса, негізсіз бас тартылса, артық құжаттар талап етілсе немесе мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі бұзылса – азаматтар құқықтарын Департаментке eotinish.gov.kz, Kenes1414Bot платформалары арқылы онлайн түрде немесе Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі №1 мекенжайы бойынша жазбаша түрде шағымдану арқылы қорғай алады.

Байланыс нөмірлері: 8 (7242) 70 56 36, 8 (7242) 70-00-40.

ЗАРЫНОВА,

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің Мемлекеттік қызметтер көрсету басқармасының бас маманы

«Қызылорда қаласының Бас жоспары» жобасы үшін
стратегиялық экологиялық бағалау (СЭБ) бойынша есептің
қамту саласын айқындау туралы
ХАБАРЛАНДЫРУ

«Экологиялық бағалауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 30 шілдедегі № 280 бұйрығының 6-тарауының, 1-тармағына сәйкес Стратегиялық экологиялық бағалау (СЭБ) жөніндегі есептің қамту аясын айқындау Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қантардағы №400-VI Экологиялық кодексінің 55-бабы 6-тармағына көзделген әзірлеуші мемлекеттік органның қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға құжаттарды ұсынуын қамтиды.

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 55-бабының 6-тармағына сәйкес, «Қызылорда қаласының Бас жоспары» қала құрылыс жобасы бойынша стратегиялық экологиялық бағалаудың қамту аясын айқындау үшін Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органы мынадай құжаттар келіп түсті:

1) «Қызылорда қаласының Бас жоспары» қала құрылыс жобасының негізгі түсіндірме жазбасы;

2) Графикалық материалдар: «Аумақты қазіргі пайдалану жоспары (тірек жоспар)» схемасы, «Бас жоспар (негізгі сызба)» схемасы;

3) Стратегиялық экологиялық бағалау (СЭБ) жөніндегі есептің қамту аясын айқындауға арналған түсіндірме жазба.

Жобалау ұйымы (әзірлеуші): «Қызылорда қаласының Бас жоспары» жобасын әзірлеуші «Казгипроград» І Жобалау институты ЖШС.

СЭБ материалдарын әзірлеуші: «Казгипроград» І Жобалау институты ЖШС.

СЭБ материалдарына тапсырыс беруші: Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қалалық сәулет және қала құрылыс бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

СЭБ материалдары бойынша қорытынды беруге уәкілетті орган: Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі.

Жұртшылықты (барлық азаматтар мен заңды тұлғаларды) төменде аталған мәселелер бойынша өз ескертулері мен ұсыныстарын білдіруге шақырамыз:

1) Жобаны жүзеге асыру қоршаған ортаға айтарлықтай әсер етуі мүмкін бе, егер солай болса, бұл қандай әсерлер және сіз оларды неге маңызды деп санайсыз?

2) Жоба бекітілгенге дейін қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына қандай әсерлерді зерделеу қажет және неге?

3) СЭБ өткізу қажет деп санайсыз ба? Сізді қандай ақпарат қызықтырады және неге?

4) Жобаны іске асырудың қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына ықтимал әсеріне байланысты сіз де өзге де ескертулер мен ұсыныстар бар ма?

Жоба материалдарымен Қызылорда қаласы әкімдігінің ресми сайтында таныса аласыз.

Қарастырылатын жобалық кезеңнің басталу және аяқталу мерзімі:

– бастапқы жыл – 01.01.2024 ж., 01.01.2025 ж. деректерді нақтылай отырып.

– құрылыстың бірінші кезеңі – 2032 ж.;

– есептік мерзім – 2045 ж.

Ескертпелер мен ұсыныстарды қабылдау бойынша іс-шаралар мерзімі: 2025 жылдың 22 қазанынан бастап, 12 қарашаға дейін (ескертпелер мен ұсыныстарды қабылдаудың соңғы күні – 2025 ж. 12 қараша)

Байланыс деректері:

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі - Астана қ., Мәңгілік ел даңғылы, 8

Экологиялық саясат департаменті

Тел.: 8 (7172) 74-08-90, 74-02-83

8 7076173174; 8 705-106-33-83.

e-mail: b.zhartybaeva@ecogeo.gov.kz; n.kunanbayeva@ecogeo.gov.kz

Ескертулер мен ұсыныстарды жазбаша түрде төменде көрсетілген мекенжайларға жіберуге болады:

– электронды түрде Экология министрлігі Канцеляриясының электрондық адресіне: k.kense@ecogeo.gov.kz (сіздің құжатңызды Канцелярияның алғаны туралы +7 7172 74-08-44 телефоны арқылы нақтылау қажет);

– e-mail: b.zhartybaeva@ecogeo.gov.kz; n.kunanbayeva@ecogeo.gov.kz

– «WhatsApp» номері: 8 707-617-31-74; 8 705-106-33-83.

СЭБ бойынша материалдар:

1) Экология министрлігінің сайтында «Қызмет» бөлімі» «Негізгі құжаттар» – «Стратегиялық экологиялық бағалау» бөлімі)

2) Қызылорда қаласы әкімдігінің сайтында.

ОБЪЯВЛЕНИЕ
об определении сферы охвата
по отчету стратегической экологической оценке (СЭО)
для проекта «Генеральный план города Кызылорда»

В соответствии с пунктом с пунктом 6, подпунктом 1 Приказа Министра экологии, геологии и природных ресурсов Республики Казахстан от 30 июля 2021 года №280 «Об утверждении Инструкции по организации и проведению экологической оценки» определение сферы охвата отчета по стратегической экологической оценки (СЭО) включает представление государственному органом-разработчиком уполномоченному органу в области охраны окружающей среды Документов, предусмотренных пунктом 6 статьи 55 Экологического Кодекса №400-VI от 02.01.2021 г. Республики Казахстан.

Согласно пункту 6 статьи 55 Экологического кодекса в Министерстве экологии и природных ресурсов Республики Казахстан, для определения сферы охвата стратегической экологической оценки по градостроительному проекту «Генеральный план города Кызылорда» в уполномоченный орган в области охраны окружающей среды поступили следующие документы:

1) Основная пояснительная записка градостроительного проекта «Генеральный план города Кызылорда»;

2) Графические материалы: Схема «План современного использования территории (опорный план)», Схема «Генеральный план (основной чертеж)»;

3) Пояснительная записка для определения сферы охвата отчета по стратегической экологической оценке.

Проектная организация (разработчик): «Генеральный план города Кызылорда» ТОО «Проектный институт «Казгипроград» I.

Разработчик материалов СЭО: ТОО Проектный институт «Казгипроград» I.

Заказчик материалов СЭО: Коммунальное государственное учреждение «Кызылординский городской отдел архитектуры и градостроительства» акимата города Кызылорда.

Уполномоченный орган за выдачу заключений по материалам СЭО: Министерство экологии и природных ресурсов Республики Казахстан

Приглашаем общественность (всех граждан и юридических лиц) высказывать свои замечания и предложения по следующему вопросу:

1) может ли реализация Проекта оказывать существенные воздействия на окружающую среду, и если да, то какие

это воздействия и почему Вы считаете их существенными?

2) какие воздействия на окружающую среду и здоровье населения необходимо изучить до утверждения Проекта и почему?

3) считаете ли Вы необходимым проведение СЭО? Какая информация интересует Вас и почему?

4) имеются ли у Вас иные замечания и предложения, связанные с возможными воздействиями реализации Проекта на окружающую среду и здоровье населения?

С материалами проекта можете ознакомиться на сайте Акимата города Кызылорда.

Расматриваемые сроки начала и окончания проектного периода:

- исходный год – на 01.01.2024 года, с уточнением данных на 01.01.2025 г.;

- первая очередь строительства - 2032 г.;

- расчетный срок - 2045 г.

Срок проведения процедуры по приему замечаний и предложений: с 22 октября до 12 ноября 2025 года (последний день приема замечаний и предложений – 12 ноября 2025 г.)

Контактные данные:

Министерство экологии и природных ресурсов Республики Казахстан г.Астана, пр. Мангилик-Ел, 8

Департамент экологической политики

Тел. 8 (7172) 74-08-90, 74-02-83

8 7076173174; 8 705-106-33-83.

e-mail: b.zhartybaeva@ecogeo.gov.kz, n.kunanbayeva@ecogeo.gov.kz

Замечания и предложения в письменном виде можно направлять:

- в электронном виде на эл.адрес Канцелярии Министерства экологии: k.kense@ecogeo.gov.kz (необходимо обязательно уточнять, что ваши документы получили в Канцелярии по телефону: +7 7172 74-08-44);

- на e-mail: b.zhartybaeva@ecogeo.gov.kz; n.kunanbayeva@ecogeo.gov.kz

- на номер «WhatsApp» 8 707-617-31-74; 8 705-106-33-83.

Материалы по СЭО размещены:

1) на сайте Министерства экологии (раздел «Деятельность» - раздел «Основные документы» - раздел «Стратегическая экологическая оценка»)

2) на сайте: Акимата города Кызылорда

БҮЛДІРШІНДЕР ҚҰАНҒАН КҮН



Жаңа бөбекжайдың ашылуы – өңірде білім беру мен әлеуметтік саланы дамыту бағытында атқарылып жатқан ауқымды істердің бір көрінісі. Бұл нысан бүлдіршіндердің жан-жақты дамуына мүмкіндік беретін заманауи білім ордасы болмақ. Айта кетейік, соңғы жылдары Қызылорда қаласында ел Президентінің бастамалары мен Үкіметтің қолдауымен және облыс әкімінің үйлестіруімен әлеуметтік салада көптеген тың жоба жүзеге асып келеді. Әсіресе білім беру бағытында қолға алынған ілкімді істер көп. Мәселен, бас шаһарда 350 орындық «Оқушылар сарайы» пайдалануға берілсе, физика-математика бағытындағы

мектеп-интернат алғашқы оқушыларын қабылдады. Сондай-ақ «Инновациялық шығармашылық орталығы», «Үстел теннисі орталығы» және 650 орындық жаңа музыкалық колледж өңірдің білім мен өнер саласындағы ілгері қадамдарының айғағына айналмақ.

Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Келешек мектептері» жобасы бүгінде ұлттық деңгейдегі маңызды бағдарлама ретінде жүзеге асуда. Осы жоба аясында облыс орталығында заманауи үлгіде төрт жаңа мектеп салынды. Ал жақын күндері тағы бір білім ұясы ел игілігіне табысталамақ.

Айдана БАХТИЯР

Басы 1-бетте



ТАЗАЛЫҚ ТАБАЛДЫРЫҚТАН БАСТАЛАДЫ

Айта кетейік, биыл сегізінші мәрте ұйымдастырылған «Үздік аула» байқауына қатысуға оннан аса тұрғын өтінім білдірді. Байқау үздіктерінің ішінен З. Шүкіров көшесі, №100 Г үйдің тұрғыны Сәліма Көптілеуқызының ауласы жеңімпаз атанып, 200 мың теңге қаржылай сертификатқа ие болды. II орынды (150 мың теңге қаржылай сертификаты) Қорқыт ата көшесі, №239 үй тұрғыны Зайнап Бакирқызы иемденсе, III орын (100 мың теңге қаржылай сертификаты) – Әйтеке би көшесі, №27 үй тұрғыны Валентина Алексеевнаға бұйырды.

«Бірлігі жарасқан аула» номинациясымен Байсейітова көшесі, №100 тұрғын үй тұрғыны Светлана Анатольевна, «Еңбекқор баған» номинациясымен «Шұғыла» шағын ауданы, №27 тұрғын

үй тұрғыны Құлзираш Әлібекқызы және «Әсем аула» номинациясымен «Шұғыла» шағын ауданы, №30 тұрғын үй тұрғыны Гүлсім Мәлікқызы марапатталды. Марапат иелеріне 70 мың теңге қаржылай сертификат табысталды.

Сондай-ақ салтанатты шарада Қызылорда қаласының тазалығын қамтамасыз етуде тынбай еңбек етіп жүрген тазалық қызметкерлері де марапатталып, қала әкімінің Алғыс хатымен 70 мың теңге қаржылай сертификатқа ие болды.

Айта кету керек, жеңімпаз атанған тұрғын үй ауласына «Үздік аула – 2025» тактайшасы орнатылды.

Көпқабатты тұрғын үй ауласын өз еңбектерімен жасыл-желекке айналдырып, сүйікті қаламыздың көгалдануына белсенді үлесін қосып жүрген барлық қатысушылар құрметке лайық.

Басы 1-бетте

Г. АСҚАРҚЫЗЫ

■ СҮЙІКТІ ҚАЛАМ – ҚЫЗЫЛОРДА!



СОЛ ЖАҒАЛАУДЫҢ СӘУЛЕТІ ЕРЕКШЕ

Биыл Қызылорда қаласының алты Алашқа ортақ Астана болғанына – 100 жыл. Тарихқа үнілсек, Сырдың бас қаласының Қазақстанның астанасы болуында да үлкен мән бар. Ұзақ талқылаудан соң ортақ пікірге келіп қазақтың зиялылары, алаштың арыстары үш жүздің ұрпағы тұратын бірден-бір қазақлықтың қаймағы бұзылмаған қала ол Сырлария уезіндегі Ақмешіт (бұрынғы Перовск) деген ортақ мәмілеге келіп, Қызылорданы астанаға лайық қала деп шешім шығарған. Сондықтан Қызылорданы тарихи қала деп күлі алаш жұрты ардақ тұтып, құрметтейді. Бәріміз осы елде өсіп-өркендеп келеміз. Қызылорда қаласының басынан талай шығаландар, қиындықтар өтті. Дегенмен Қызылорда қаласы өз мәртебесіне лайық дамып, өркендеп ежелгі Астана екенін дүйім жұртқа мойындатып келеді. Мен тағдыр жазып Қазалы ауданында партиялық, саяси, басылық қызметтерде болып, кейін Қызылорда қаласына облыстық совет атқару комитетінің төрағасының орынбасары болып қоныс аудардым. Кейіннен облыс әкімі Сейілбек Шаухаманов болып сайланып, мен бірінші орынбасары қызметін атқардым. Сол уақыттан бері менің еңбек жолым тікелей қала өмірімен байланысып келеді. Біз нарықтық экономиканың өтпелі кезеңінің қиындығын көріп, сол дәуірде елге қызмет етіп, халықтың мұң-мұқтажын таразылап, шешім шығарған бірден-бір ұрпақпыз. Қызылорда қаласының күрделі кезеңнен шығуына қызмет еткен Бердібек Сапарбаевтың есімін өз басым құрметпен айтамын. Ол кісі Қызылорданың арнайы экономикалық аймақ болуын жүзеге асырған бірден-бір әкім. Сол кезде Қызылорда облысы әкімінің бірінші орынбасары, арнайы экономикалық аймақ бақылау кеңесі төрағасының орынбасары болып жұмыс істедім. Мұнан соң қала әкімі Бакбергенов Досманбетов болды. Сол жылдары қала әкімінің орынбасары болдым. Сол кезеңнен бері қала көз алдымызда өсіп-өркендеп, көз ілеспес жылдамдықпен көркейіп келеді. Облыс орталығының қуаты артып, экономикасы белсенді дамығаны аймақтың үздіксіз өркендеуінің кепілі. Себебі Қызылорда қаласы мәдениет пен руханияттың, білім мен өркениеттің тал бесігі, ұлылардың ізі қалған қасиетті мекен. Соңғы 3-4 жыл көлемінде Қызылорда қаласы қарыштап даму үстінде. Облыс орталығымен бірге аудандар да қанаттас дамып келеді. Әсіресе қаланың сол жағалаудағы көркі, даму шапшаңдығы бәріміздің көңілімізге қуаныш ұялатады. Менің мамандығым инженер-құрылысшы болғандықтан білетінім, жайлы қала салу деген терең білім мен тәжірибені, қаржылық сауаттылықты, шебер үйлестіруді, шет мемлекеттермен әріптестік байланыс орната білуді талап етеді. Сол жағалаудың дамуына шетелдіктер де қызығушылық танытты. Қызылордада урбанизациялық форумның өтуі соның дәлелі. Шетелдіктер сол жағалаудағы ғимараттардың сәулет өнерінің соңғы үлгісімен салынғанына көзі жетіп, жақсы пікір білдірді.

Өркениеттің ошағы болған қаламызда мәдени, әлеуметтік, рухани орталықтардың бой көтеруі келер ұрпаққа жасалған үлкен қамқорлық деп ойлаймын. Биыл пайдалануға берілген «Сыр жұлдыздары» шығармашылық-инновациялық академиясы талантты балалардың шабытын оятып, болашағына жол ашатынына кәміл сенемін. Себебі мұнда баланың дамуы үшін барлық жағдай жасалған. Осындай жақсылыққа қол жеткізіп жатқан бүгінгі ұрпақ қандай бақытты!

Өнер адамдары үшін жағымды жаңалық Өнер орталығының ашылуы дер едім. Ғимарат ашылғалы ел игілігіне айналып, танымал өнер жұлдыздары келіп, қызылордалықтарға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Сол жағалаудың көркіне айналған ұлттық музей, теннис орталығы, физика-математика бағытындағы «Білім-инновация» лицей-интернаты, Қазанғап атындағы музыкалық жоғары колледжінің жаңа ғимаратының көркіне көз тойғандай.

Халықаралық талапқа сай салынған, сыйымдылығы 11 мың адамға арналған жаңа стадионның дүбірлі футбол лигасымен ашылуы да жерлестерімізді бір серпілтіп, Сыр елінің даңқын шығарды. Бұл шоктығы бітіп стадион спорттағы жетістіктеріміз бен жеңістерімізді көбейтеді деген үміт бар. Сүйікті қаламыз Қызылорда өсіп-өркендей берсін! Біз ардагерлер қалың бұқара халық пен жастардың арасындағы алтын көпір болып, жағымды жаңалықтардың куәсі болсақ дейміз. Екі ғасырдан астам тарихтың шежіресіндей сүйікті қаламыз мәңгілік құндылықтың мәйегіндей болып өсіп-өркендей берсін!

Нажмадин МУСАБАЕВ,
қоғам қайраткері

ЕЛ ЫРЫСЫ ЕСЕЛЕНГЕН КҮН

Молшылық жәрмеңкесіне Қазалы ауданының шаруалары 10 тонна күріш, 12 тонна балық, 5 тонна ет, 20 тонна бақша өнімдерін, 7 тонна асқабақ, 15 тонна картоп, 10 тонна пияз, 3 тонна сүт өнімдері, 1 тонна Қазалы кәмпіштерін шығарды.

Қармақшы ауданынан 40 көлікке тиелген 100 тоннаға жуық өнім келсе, 20 тоннасы күріш, 1,5 тоннасы балық, 30 тоннасы көкөніс, 25 тоннадай бақша, 10 тонна қызанақ, 1 тонна ет және кондитер мен сүт өнімдері, мал азығы бар.

Ал, жағалаушық шаруалар 200 тоннаға жуық өнімнің ұсынса, оның 40 тоннасы күріш, 40 тоннасы картоп, 10 тоннасы сәбіз, 20 тоннасы пияз, 20 тоннасы асқабақ, 30 тоннасы қауын, қарбыз, 30 тоннасы көкөніс өнімі, 3 тоннадан астам ет пен балық өнімі, 1 тоннадай сүт өнімі.

Сырлария ауданынан жеткен 50 көлік азық-түлік тауарларына толы. Мұнда тұрғындар қарбыз-қауын, жеміс-жидек, күріш, сүт өнімдері мен балық өнімдерінің саудасын қыздырды.

Барлығы 170 тоннадан астам, оның ішінде 25 тонна күріш, 60 тонна картоп, сәбіз, пияз, 10 тонна асқабақ, 40 тонна бақша, 2 тонна ет, сүт өнімдері, 5 тонна көкөніс пен жемістер, 2 тоннадан астам бакалея өнімдері халық сұранысына ие болды. Сонымен қатар 10 бас қой мен 10

Басы 1-бетте



«Алматы қырықжылдығы»

Ақмешіт-ақпарат

ТІЛСІЗ ЖАУДЫҢ АЛДЫН АЛУ МАҢЫЗДЫ

Жылу беру маусымы – сақтықпен қауіпсіздікті талап ететін кезең. Қызылорда қаласында жылу беру маусымы басталысымен өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар жүзеге асуда. Осы орайда облыстық төтенше жағдайлар департаментінің мемлекеттік өрт бақылау басқармасы БАҚ өкілдерімен бірге баспасөз туры ұйымдастырды. Іс-шараның мақсаты – өрттің алдын алу, қауіпсіздік ережелерін тұрғындарға түсіндіру. Баспасөз туры аясында біз де Сабалақ шағын ауданына бардық.

Сабалақта тұратын әлеуметтік осал топтағы азаматтардың үйіне жергілікті бюджет есебінен 484 дана датчик орнатылды. Бұл құрылғылар тұрғындардың өмірін сақтап қана қоймай, улану мен өрттің алдын алуға септігін тигізеді. Көп жағдайда тілсіз жаудың басты себептері – азаматтардың қауіпсіздік ережелерін елемей, пештер мен электр желілерінің техникалық жағдайына салғырт қарауы және балаларды қараусыз қалдыру себебінен орын алады.

– Облыс көлемінде жылу беру маусымына байланысты төтенше жағдайлар департаменттің арнайы бұйрығына сәйкес, әр аптаның сәрсенбі, жұма және сенбі күндері тұрғын үйлерге түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, түтін мұржаларын тазалау мен датчиктер орнату шараларын атқарып келеміз. Бүгінгі таңда өңір бойынша 352 өрт оқигасы тіркелсе, соның 204-і тұрғын үй секторында орын алған. Сонымен қатар төтенше жағдайлар, полиция департаменті мен түрлі волонтерлық ұйым өкілдері және жергілікті әкімшілік

қызметкерлерімен бірлесе, өрттің алдын алу мақсатында тұрмысы төмен отбасыларды да аралап, түсіндірме жұмыстарын жүргізудеміз, – дейді Қызылорда облысы ТЖД Мемлекеттік өрт бақылау басқармасының басшысы Асхат Оразбеков.

Сабалақ шағын ауданының тұрғыны Гүлзира Омарованың үйіне ат басын бұрдық. Мамандар жылу беру маусымы кезінде жылу жүйелері мен қондырғыларға сақтықпен қарауға, балаларды назардан тыс қалдырмауға шақырды. Көпбалалы ананың үйіне көмірқышқыл газы шыққан жағдайда сигнал беретін арнайы қондырғыны орнатып, сақтық шараларын түсіндірді.

Биыл Төтенше жағдайлар министрлігінің 30 жылдығына орай қолға алынған «30 игі іс» жобасы аясында да әлеуметтік қолдау шаралары сәтті жүзеге асуда. Жоба аясында жалғызбасты қарттар мен мүмкіндігі шектеулі азаматтардың үйлеріндегі пештерге жөндеу жұмыстары жүргізіліп, қатты отынмен жылытылатын баспаналардың мұржалары тазаланды.

Мамандар өз кезегінде тұрғындарға қауіпсіздікті сақтау жөніндегі ұнпарақтар таратып, сақтық шараларын сақтауға шақырды. Бұл игі іс халықтың тұрмыс сапасын арттырып қана қоймай, қауіпсіз өмір салтын қалыптастыруға бағытталған игі бастама. Түсіндірме жұмыстары әрмен қарай жалғасын тапты. Ауылдың шеткі аймағында тұратын ауыл ақсакалы Тәңірберген Жүсіповтің үйіне табан тіредік.

Айдана БАХТИЯР

Меншік иесі:



жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт
апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-І.

«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Аптасына 2 рет, сәйсебей, сенбі күндері шығады.

Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәзімәттердің нақтылығын автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖПС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.

Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 3978

Тансырымы №1785

Нөмірдің кезекші редакторы Айдана БАХТИЯР